

2026. 13 (2)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2026
© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026
© Коллектив авторов, 2026

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Коксбаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Burkhanov Bimurad Badritdinovich — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 13. Is. 1, pp. 95-109, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_1_95-110

THE “KOSHCHI” UNION AND ITS ACTIVITIES IN THE KYZYLORDA REGION: A STUDY BASED ON ARCHIVAL MATERIALS (1920–1929)

Talgat Zholdassuly¹, Marzhan Madelkhanova^{2*}

¹Korkyt Ata Kyzylorda university
(29A, Aiteke Bi Str., 120000 Kyzylorda, Republic of Kazakhstan)
Doctor of philosophy (PhD), acting Associate Professor
 <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com

²Korkyt Ata Kyzylorda university
(29A, Aiteke Bi Str., 120000 Kyzylorda, Republic of Kazakhstan)
 <https://orcid.org/0009-0006-0870-6755>. E-mail: marzhanmadelkhanova@gmail.com
*Corresponding author

© Valikhanov IHE, 2026

© Zholdassuly T., Madelkhanova M., 2026


Abstract. *Introduction.* This article examines the establishment, activities, and historical significance of the mass organization of rural workers – the Koshchi Union, which operated in Soviet Kazakhstan during the 1920s. *Goals and objectives* of the article are to reveal, using the example of the Kyzylorda region, the formation stage of the Koshchi Union and its role in organizing agriculture, implementing land reforms, and promoting cultural development and literacy among the population. The study is based on archival documents (Branch of Socio-Political History, Kyzylorda Regional State Archive): official resolutions, statistical data, and other primary sources, which serve as the basis for analyzing the content and outcomes of the organization’s activities in economic, political, and cultural-educational spheres. The article presents previously unexplored archival materials and new scholarly interpretations, providing an objective assessment of the Union’s historical role and significance through archival analysis. *Results.* The findings demonstrate that the organization contributed to significant social changes by allocating land to landless peasants, reducing social inequality in rural areas, promoting cooperation, and expanding cultural and educational work. Furthermore, over time, its activities acquired a political character, turning into a key instrument for implementing Soviet ideology in the rural environment. *Conclusion.* This study offers insights into the specific features of rural Sovietization policies in the first quarter of the 20th century and enables a deeper understanding of regional history.


Keywords: Kyzylorda, “Koshchi” Union, socialism, ideology, agronomy, hayfields, peasants

For citation: Zholdassuly T., Madelkhanova M. The “Koshchi” union and its activities in the kyzylorda region: a study based on archival materials (1920–1929) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 1. Pp. 95-110. [In Kaz.]. DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_95-110

«ҚОСШЫ» ОДАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ӨНІРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ: АРХИВТІК МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ (1920–1929 жж.)

Жолдасұлы Талғат¹, Маделханова Маржан^{2*}

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
(29А-үй, Әйтеке Би көш., 120000 Қызылорда, Қазақстан Республикасы)
Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а.
 <https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com

²Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
(29А-үй, Әйтеке Би көш., 120000 Қызылорда, Қазақстан Республикасы)
 <https://orcid.org/0009-0006-0870-6755>. E-mail: marzhanmadelkhanova@gmail.com

*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Жолдасұлы Т., Маделханова М., 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* Бұл мақалада ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Советтік Қазақстанда қызмет еткен ауыл еңбекшілерінің бұқаралық ұйымы – «Қосшы» одағының құрылуы, қызмет бағыттары мен оның тарихи маңызы қарастырылады. Мақаланың негізгі *мақсаты мен міндеттері* – Қызылорда өңірі мысалында «Қосшы» одағының қалыптасу кезеңін, оның ауыл шаруашылығын ұйымдастырудағы, жер реформаларын жүргізудегі және мәдени әрі халықты сауаттандырудағы рөлін ашып көрсету. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу барысында архив құжаттары (Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы): ресми қаулылар, статистикалық мәліметтер мен басқа да түпдеректер негізінде ұйымның экономикалық, саяси және мәдени-ағартушылық салалардағы қызметінің мазмұны мен нәтижелері талданады. Мақалада ұйымның қызметін сипаттайтын тың архивтік материалдар мен жаңаша ғылыми тұжырымдар ұсынылып, архивтік талдау әдісі арқылы оның тарихи орны мен маңызына объективті баға беріледі. *Зерттеу нәтижелері* ұйымның жерсіз шаруаларға жер бөлу, ауылдағы әлеуметтік теңсіздікті азайту, кооперацияны дамыту және мәдени-ағарту жұмыстарын кеңейту арқылы қоғамда елеулі өзгерістер жасауға үлес қосқанын дәлелдейді. Сонымен қатар, уақыт өте келе оның қызметі саяси сипат алып, советтік идеологияны ауылдық ортада жүзеге асыратын негізгі құралға айналғаны анықталды. Бұл зерттеу ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі ауылдық советтендіру саясатының ерекшеліктерін түсінуге және аймақтық тарихты тереңірек зерделеуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Қызылорда, «Қосшы» одағы, социализм, идеология, агрономия, шабындық жерлер, шаруалар

Дәйексөз үшін: Жолдасұлы Т., Маделханова М. «Қосшы» одағы және оның қызылорда өңіріндегі қызметі: архивтік материалдар бойынша зерттеу (1920–1929 жж.) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. 95-110 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_95-110

СОЮЗ «КОШЧИ» И ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КЫЗЫЛОРДИНСКОМ РЕГИОНЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ (1920–1929 гг.)

Жолдасұлы Талғат¹, Маделханова Маржан^{2*}

¹Қызылординский университет имени Коркыт-Ата
(д. 29А, ул. Айтеке Би, 120000 Кызылорда, Республика Казахстан)
Доктор философии (PhD), и.о. доцента

<https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com

²Кызылординский университет имени Коркыт-Ата
(д. 29А, ул. Айтеке Би, 120000 Кызылорда, Республика Казахстан)

<https://orcid.org/0009-0006-0870-6755>. E-mail: marzhanmadelkhanova@gmail.com

*Автор-корреспондент

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Жолдасулы Т., Маделханова М., 2026

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются создание, направления деятельности и историческое значение массовой организации сельских тружеников — союза «Кошчи», действовавшего в Советском Казахстане в 1920-е годы. *Цель и задачи* статьи заключаются в том, чтобы на примере Кызылординского региона раскрыть этап формирования союза «Кошчи», его роль в организации сельского хозяйства, проведении земельных реформ, а также в культурной и просветительской работе среди населения. В ходе исследования на основе архивных документов (филиал по общественно-политической истории Кызылординского областного государственного архива): официальных постановлений, статистических данных и других первоисточников анализируется содержание и результаты деятельности организации в экономической, политической и культурно-просветительской сферах. В статье представлены новые архивные материалы и научные выводы, позволяющие посредством архивного анализа дать объективную оценку исторической роли и значения союза. *Результаты* исследования показывают, что организация способствовала существенным изменениям в обществе путем распределения земли безземельным крестьянам, снижения социальной неравенства в деревне, развития кооперации и расширения культурно-просветительской работы. Кроме того, со временем ее деятельность приобрела политический характер, превратившись в основной инструмент реализации советской идеологии в сельской среде. *Заключение.* Данное исследование позволяет понять особенности политики советизации деревни в первой четверти XX века и глубже изучить региональную историю.

Ключевые слова: Кызылорда, союз «Кошчи», социализм, идеология, агрономия, сенокосные земли, крестьяне

Для цитирования: Жолдасулы Т., Маделханова М. Союз «Кошчи» и его деятельность в кызылординском регионе: исследование на основе архивных материалов (1920–1929 гг.) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. С. 95–110. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_95-110

Кіріспе

XX ғасырдың басы Қазақстан тарихында түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезеңі болды. Бұл уақытта ауыл шаруашылығының дәстүрлі құрылымы мен шаруашылық қатынастары жаңа саяси жағдайдың ықпалымен қайта қалыптасты. 1917 жылғы Қазан революциясынан кейін орнаған совет өкіметі ауылдық жерлерде өз билігін нығайту үшін еңбекші бұқараны тартудың түрлі жолдарын қарастырды. Осы мақсатта жаңа қоғамдық ұйымдар құрылып, олардың қызметі арқылы ауылдағы әлеуметтік қатынастарды социалистік негізде қайта құру көзделді. Сол ұйымдардың ішіндегі ең ықпалдысы «Қосшы» одағы еді.

«Қосшы» одағы 1920 жылы Түркістан Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының (Түркістан АССР) аумағында құрылып, бастапқыда ауыл кедейлері мен жерсіз шаруаларды біріктіру міндетін алды. Ұйымның басты мақсаты жер үшін күресті ұйымдастыру, ауыл шаруашылығындағы әлеуметтік теңсіздікті жою, еңбек құралдары мен жер ресурстарын әділ бөлу, сондай-ақ ауыл халқының саяси сауатын ашу және мәдени деңгейін көтеру болды. Бұл міндеттер советтік биліктің ауылдағы әлеуметтік саясатын жүзеге асырудағы негізгі бағыттармен тығыз байланысты еді. Қысқа мерзім ішінде «Қосшы» одағы Қазақстанның оңтүстік және орталық аймақтарында кең таралып, ауыл еңбекшілерінің экономикалық және саяси өміріне белсенді араласты. Оның қызметі жер реформаларын

жүргізу, кооперацияны дамыту, ауылдағы таптық жіктелуді жою сияқты маңызды шаралармен ерекшеленді. Осы тұрғыдан алғанда, «Қосшы» одағы советтік биліктің ауылдық кеңістіктегі әлеуметтік трансформацияны жүзеге асырудағы басты құралдарының біріне айналды.

Алайда, ұйымның қызметіне қатысты ғылыми пікірлер әрқилы болып келеді. Советтік кезеңдегі зерттеушілер «Қосшы» одағын социалистік қоғам құру жолындағы маңызды күш ретінде бағаласа, қазіргі Қазақстандық тарихнамада оны партиялық саясаттың ықпалындағы, кейде әкімшілік бақылаудың бір тетігіне айналған құрылым ретінде сипаттау басым. Бұл жағдай зерттеудің өзектілігін айқындайды: «Қосшы» одағының қызметін объективті тұрғыдан бағалау, оның ауыл өміріндегі нақты рөлін анықтау және тарихи тәжірибесін заманауи ғылыми тұрғыдан сараптау қажет. Егер ұйым тек советтік саясаттың орындаушысы ретінде ғана қарастырылса, оның ауылдағы әлеуметтік қатынастарды өзгертуге жасаған нақты ықпалы назардан тыс қалу қаупі бар. Сондықтан «Қосшы» одағының қызметін идеологиялық бейнелерден бөлек, ауыл қоғамына тигізген нақты әсері тұрғысынан қайта қарастыру бүгінгі тарихи зерттеулердің маңызды міндеттерінің бірі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының материалдық негізін Қызылорда облыстық архивінде сақталған 1920–1929 жылдар аралығындағы «Қосшы» одағының құрылуы мен қызметіне қатысты іс-қағаздар, қатынас қағаздары, пленум және жиналыс хаттамалары құрады. Архивтік деректер ұйымның саяси, мәдени және экономикалық қызметінің аймақтық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, зерттеу барысында Қазақстандық тарихшылардың «Қосшы» одағының қызметіне арналған еңбектері мен ғылыми мақалаларындағы тұжырымдар пайдаланылды. Қолданылған түпдеректер ішінде Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының (ҚОҚСТМА) аталған ұйым тарихына қатысты Р-1544-қорындағы кейбір құжаттары алғаш рет ғылыми айналымға еніп отыр. Сонымен қатар, советтік және қазақстандық авторлардың зерттеулері де қосымша дереккөз ретінде қолданылды. Зерттеу бағыты негізінен осы түпдеректер арқылы бұл ұйымның құрылу мақсатын, ұйымның қызметін баяндау.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарих ғылымындағы тарихилық әдіс, салыстырмалы әдіс, әлеуметтік-саяси талдау әдістері құрады. Сонымен қатар, зерттеу барысында жүйелі талдау әдісімен қатар, құрылымдық-функционалдық талдау, тарихи-салыстырмалы әдіс, проблемалық-хронологиялық әдіс қолданылды. Бұл әдістер тарихи деректерді кешенді қарастыруға, құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтауға мүмкіндік берді. Объективтілік принциптері негізінде «Қосшы» одағының ауылдық кедейлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы, сондай-ақ советтік идеология тарихындағы рөлі жан-жақты, жүйелі және бейтарап түрде көрсетілді. Сонымен бірге, деректанулық талдау әдісі арқылы архивтік материалдар мен статистикалық мәліметтерді саралау жүзеге асырылды, ал тарихи реконструкция әдісі оқиғалардың даму логикасын қалпына келтіруге бағытталды.

Талқылау

«Қосшы» одағының тарихы туралы ғылыми еңбектерді шартты түрде советтік және Қазақстандық зерттеулер ретінде қарастыруға болады. Аталған тақырып аясында жарық көрген еңбектердің мазмұны мен әдістемелік ұстанымдарына сүйенсек, «Қосшы» одағы мәселесі әр кезеңде түрлі идеологиялық мақсатта зерттеліп отырған. Советтік авторлар бұл ұйымның құрылуы мен қызметін уақыт талабына сай, әлеуметтік әділдік пен ауыл шаруашылығын жаңғыртудың маңызды қадамы ретінде бағаласа, ал отандық тарихшылар «Қосшы» одағының қызметін жасанды түрде қалыптастырылған, саяси мақсатқа бағынған ұйым ретінде сынға алады.

Советтік кезең авторлары «Қосшы» одағын социалистік құрылыстың маңызды әлеуметтік тірегі деп бағалайды және қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздікті жоюға бағытталған жаңа қоғамдық қозғалыс ретінде қарастырады. Олардың пікірінше, XX ғасырдың 20-шы жылдары ауыл мен қыстақтағы таптық айырмашылықтар тереңдеген кезеңде, дәл

осындай ұйымның құрылуы тарихи заңдылық болды. Мысалы, Дахшлейгердің еңбегінде «Қосшы» одағы социализмге өтудің қажетті алғышарты ретінде сипатталып, оның кооперация, жер бөлу және мәдени-ағарту салаларындағы қызметі жоғары бағаланады (Дахшлейгер, 1965: 5).

Ал, Амантаев ұйымды социалистік сананы қалыптастыру мектебі ретінде қарастырып, оның ауылдағы байлар мен атқамінерлер үстемдігіне қарсы саяси күрестегі маңызын ерекше көрсетеді (Амантаев, 1969: 288). Давлет-Юсупов та, бұл пікірді толықтыра отырып, кедейлердің комитеттері мен «Қосшы» ұйымы совет билігінің алғашқы жылдарында еңбекші бұқараның тірегіне айналғанын, ауыл шаруашылығын қалпына келтіруде және кедейлерге экономикалық көмек көрсетуде елеулі рөл атқарғанын атап өтеді (Давлет-Юсупов, 1964: 33). Осы бағыттағы зерттеушілер үшін «Қосшы» одағы «әлеуметтік әділеттілікті орнатуға» және ауыл шаруашылығын социалистік жолға түсіруге бағытталған прогрессивті қозғалыс саналды. Нұрпейісұлының пікіріне сүйенсек, совет өкіметінің қолдауымен «Қосшы» одағы ауылдарда мәдени-ағарту жұмыстарын кеңейтіп, әйелдерді патриархалдық жүйенің шеңберінен шығарып, жаңа қоғамның тең құқықты мүшелері ретінде қалыптастыруға зор үлес қосты. Бұл саясат қазақ халқын социалистік даму жолына жетеледі.

Ал, қазіргі Қазақстандық зерттеушілер «Қосшы» одағының қызметіне сын көзбен қарайды. «Қосшы» одағына партиялық саясаттың құралына айналған ұйым деп баға береді. Олар бұл ұйымның бастапқыда халық мүддесін көздегендей көрінгенімен, іс жүзінде жоғарыдан жоспарланған саяси жоба болғанын айтады. Мәселен, Омарбеков өз еңбегінде ұйымның шынайы мақсатынан алыстап, Голощекин кезеңінде «таптық тазалау» саясатының құралына айналғаны, ал оның мүшелік құрамының бюрократтанғаны ашып көрсетіледі. Оның пайымдауынша, «Қосшы» одағы «еңбекшілерді біріктіруден» гөрі «тап күресін күшейту мен билікті орталықтандыру» міндетін атқарған (Омарбеков, 2001: 57). Зерттеуші, Шамшиева да осы көзқарасты жалғастырып, ұйымның қызметін экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан тиімсіз деп бағалайды. Ол кедейлерге жер мен құрал берудің нақты жоспары болмағанын, нәтижесінде шаруашылықтың күйрегенін және ұйымның жұмысында асығыстық пен теориялық әлсіздік байқалғанын айтады. Бұл бағыттағы зерттеушілердің пікірінше, «Қосшы» одағы совет билігінің ауылдағы саясатын жүзеге асыратын әкімшілік бақылау тетігі, яғни шын мәнінде еңбекшілердің емес, партия идеологиясының құралы болған (Шамшиева, 2007: 105). Осы екі бағытты салыстыра қарастырғанда, «Қосшы» одағының қызметі мен мәнін біржақты бағалау мүмкін еместігі анық байқалады. Советтік зерттеушілер ұйымның әлеуметтік теңдікті орнатудағы рөлін баса көрсетсе, отандық зерттеушілер оның саяси бақылау және идеологиялық қысым құралына айналғанын дәлелдейді.

Шын мәнінде, «Қосшы» одағы алғашқы кезеңде ауыл халқын біріктіріп, шаруашылықты қалпына келтіруге елеулі үлес қосқанымен, уақыт өте келе советтік биліктің саяси бағытына толық бағындырылып, өзіндік дербестігін жоғалтты. Бұл жағдай ғылыми еңбектерде қалыптасқан қарама-қайшы пікірлерді түсіндіреді: ұйым бір жағынан әлеуметтік әділдік пен ағартушылықтың көрінісі болса, екінші жағынан таптық күрес саясатының құралына айналды. Сондықтан «Қосшы» одағы тарихта екіжақты мәнге ие: бастапқыда ауыл халқының мүддесін қорғауға бағытталған прогрессивті бастама ретінде көрінсе, кейіннен партия ықпалындағы саяси құралға айналды. Сонымен қатар, Қызылорда облыстық архивінің құжаттары негізінде ғылыми айналымға алғаш рет енгізілген деректер зерттеудің жаңалығын арттырады. Бұл материалдар ұйымның нақты қызметін, ауылдық кедейлердің әлеуметтік жағдайын және советтік идеологияның жергілікті деңгейде жүзеге асу ерекшеліктерін тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Осы арқылы бұл деректер «Қосшы» одағының тарихын неғұрлым объективті тұрғыда зерделеуге негіз қалады.

Нәтижелер

1920 жылдың қазан айында Ресей Федерациясы құрамында ұйымдасқан Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы (Қазақ АССР) аясына қазақ халқының ежелгі ата-қонысы болған бұрынғы Сырдария және Жетісу губерниялары кірмей қалғаны

белгілі. Қазақстанның оңтүстік шығысын алып жатқан бұл аймақ 1924 жылдың соңына дейін Түркістан АССР құрамында болып келді. 1924 жылы аталған облыстардың жері Қазақ АССР-іне қосылды. Сырдария облысының құрамына Қазалы, Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) уездері, Шымкент пен Әулие-Ата уездерінің көп бөлігі, Ташкент пен Мырзашөл уездерінің бір бөлігі кірді (Нұрпейісұлы, 1997:3). Осы кезеңде Сырдария облысында (кейін осы аттас губерния мен округте) шаруалардың бұқаралық ұйымдары құрылды. Аталған ұйымдардың қатарында ерекше мәнге ие болғаны осы зерттеудің негізгі талдау нысаны болып табылатын «Қосшы» одағы. Бұл ұйым мемлекет пен тұрмыс-тіршілігі ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты кедей шаруалар арасындағы байланыстырушы көпір қызметін атқарды деуге болады.

1918 жылы маусым айында, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің кедейлер комитетін құру туралы декрет шықты. Кейін, 1920 жылдың қыркүйегінде Ташкентте өткен Түркістан Компартиясының V съезінде кедейлерді біріктіру және олардың шаруашылық өмірін реттеу үшін арнайы ұйымдар құру мәселесі қаралып, нақты шешім қабылданды. 1921 жылы 20–31 қаңтарда Әулиеатада (қазіргі Тараз қаласы) өткен Түркістан кедейлерінің бірінші өлкелік съезі қазақ кедейлері мен батрактары одағын құру туралы қаулы қабылданып, онда бұл ұйымның совет өкіметі органдарымен өзара қарым-қатынасын белгіледі (Төлеуғалиева, 1998:5). Осылайша «Қосшы» одағы Түркістандағы ауыл кедейлерінің бұқаралық ұйымы ретінде 1920 жылдың күзінде құрылды. Алғашқыда ол жалшылар мен чайрикерлерді (өз жері мен құрал-сайманы жоқ, басқа адамның жерінде еңбек етіп, өнімнің бір бөлігін ғана алатын жалдамалы немесе үлескер шаруа), жерсіз және жері аз диқандарды біріктірді, кейінірек одаққа орта шаруа да қабылдана бастады (Давлет-Юсупов, 1964: 33).

Одақты құру туралы шешім 1920 жылдың күзіне қарай Ресей коммунистік партиясы (большевиктер) өлкелік съезінде қабылданған еді. Ұйымдастыру жұмыстары съезден кейін бірден басталды. Әсіресе Жетісуда бұқараның одаққа үлкен ынтасы байқалды. Бастапқыда одақ онда көбіне ұлттық сипатқа ие болды. Мұның себебі Жетісудағы орыс қоныстарының кулақтық сипаты еді. Кейін бұл рең жойылып, бүкіл Түркістандағы сияқты ұйым «Қосшы» одағы деп аталды. Ал, «Қосшы» одағы Ақмешіт уезінде 1920 жылғы 7 маусымда құрылды (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 7-іс. 20-п). Бірақ, көшпелі және жартылай көшпелі өмір салты жағдайында ауылдарда кедейлер мен орта шаруаларды советтік билік жағына тарту елеулі қиындықтар туғызды. Осындай жағдайда «Қосшы» одағы ауылдық советтердің қызметін нығайтуда және совет өкіметін орнатуда маңызды рөл атқарды.

Түркістандағы шаруашылық пен қоғамдық өмірдің негізгі өзегі қалаларда емес, ауылда жатқандықтан, күн тәртібіне еңбекші диқандарды ұйымдастыру, оларды билікке тарту және «таптық санасын ояту» мәселесі өткір қойылды. «Қосшы» одағы жері аз және жерсіз диқандарды, жалшыларды, чайрикерлерді және ауылдағы ұсақ қолөнершілерді біріктірді. Шын мәнінде оған тұрақты жалдамалы еңбекті пайдаланбайтын едәуір орта шаруалар да кірді. Одақтың басты мақсаты жер үшін күресте жері аз шаруаларды біріктіру, «отарлық қанаудың сарқыншақтарына» қарсы тұру және «феодалдық-патриархалдық әрі рулық қатынастарды» жою болды (Скалов, 1923: 36).

Жалпы Оңтүстік Қазақстанда жер-су реформасын жүзеге асыруда қазақ кедейлері мен батрактарының жаппай ұйымы «Қосшы» одағы үлкен роль атқарды. Осылайша Азамат соғысы аяқталып, халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңінде еңбекші халықтың белсенділігін арттырып, алға қойған мақсаттарды іске асыру үшін, совет өкіметі мен билік басындағы большевиктер партиясы кедей шаруаларды бір ұйымға біріктіруге кірісті (Байғабылов, 2008: 88). Аграрлық өзгерістердің әлеуметтік тірегі қазақ ауылының ең кедей топтары болды. Оларды өз жағына тарту мақсатында кедейлердің комитеттері мен кедейлердің одақтары біріктіріліп осы «Қосшы» одағы құрылған болатын (Козлов, 2012: 5).

«Қосшы» одағының негізгі міндеті ауыл кедейлерінің әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғауға бағытталды. Бұл ұйым байлар мен кулактар тарапынан орын алған «қанаудың» түрлі көріністеріне қарсы іс-қимыл жүргізуді, сондай-ақ ауылдық ортада сақталған рулық үстемдік пен патриархалдық қатынастардың ықпалын әлсіретуді көздеді

(Амантаев, 1969: 291). Одақ өз саяси қызметін негізінен советтік билік пен социалистік құрылыс идеяларын халыққа таратуға бағыттады. Мысалы, 1923 жылы Қызыл әскердің алты жылдық мерейтойы қарсаңында «Қосшы» одағы кедей диқандар мен жалшылардың ұйымы ретінде советтік билікті қолдауға бағытталған іс-шараларға белсенді қатысып, өзінің саяси маңызын айқындады. Бұл әрекеттер ұйымның совет өкіметінің әлеуметтік тірегі ретіндегі рөлін және революциялық үдерістерге тартылу деңгейін көрсетеді (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 3-іс. 120-п).

Кедейлердің бірігуі, олардың орта шаруалармен ынтымақтастығы, байлардың «қанаушылық» әрекеттеріне қарсы іс-қимыл, ауылдағы еңбекші топтарды патриархалдық-рулық қатынастардың ықпалынан арылту, руаралық тартыстарды бәсеңдету және ауылдық еңбекші бұқараны советтік басқару жүйесіне жақындату секілді бағыттар «Қосшы» одағының қосымша қызметінің негізгі мазмұнын айқындайды. «Қосшы» одағына кедей шаруашылықтарының дербестігін арттыруға жәрдемдесу бағытында маңызды рөл жүктелді. Бұл кедейлерді кооперативтер мен колхоздарға тарту, оларға материалдық көмек көрсету, жекелеген шаруашылық жұмыстарын орындау үшін уақытша бірлестіктер ұйымдастыру, сондай-ақ кедей шаруашылықтарының мүдделерін кулактар мен байларға қарсы қорғау арқылы көрінуі тиіс еді (Жумабеков, 1969: 60). Сонымен бірге, одақ әйелдерді «патриархалдық-феодалдық қатынастардан босатып», жаңа қоғамның еркін мүшелері әрі құрылысшылары ретінде қалыптастыруға ерекше мән берді. Совет өкіметі саясаты дәстүрлі ортадағы әйелдердің құқықтық шектеулерін жұмсартуға және олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуына мүмкіндік берді. «Қосшы» одағы кедей және орта шаруалар әйелдерінің құқықтарын қорғауда сенімді ұйым ретінде көрінді деуге болады. Ұйым өз мүшелерін сайлау науқандарына тарту арқылы олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуына жағдай жасады, бұл олардың шаруашылығын жолға қоюға және тұрмысын жақсартуға біршама мүмкіндік берді (Нұрпейісұлы, 1972: 279).

Совет өкіметінің «Қосшы» одағына тұтастай ұйым ретінде де, әрбір мүшесіне жеке де берген жеңілдіктері ең алдымен кедей әйелдер мен жалшы әйелдердің өз шаруашылығын жолға қойып, тұрмысын жақсартуына, сондай-ақ байлар мен кулактардың ықпалынан босауына бағытталды. Көп жағдайда шаруа әйелдер жұмыс күшінің тапшылығы салдарынан немесе жерін жалға беруге мәжбүр болып, кейде жалшы ретінде жалданып, осылайша экономикалық тәуелділік жағдайына тап болатын. «Қосшы» одағы дихан әйелдерді қоғамдық жұмысқа тартудың бастапқы алаңы болып, кейін оларды советтік және өзге де жауапты қызметтерге даярлайтын әлеуметтік-саяси мектеп рөлін атқарды. Сайлау науқанының негізгі ұраны мынадай болды: «Одақтың бірде-бір әйел мүшесі сайлау жиналыстарынан тыс қалмасын, бірде-бір комитет әйелдің қатысуынсыз құрылмасын!» Бұл ұранды жүзеге асыру мақсатында әйелдердің сайлау алдындағы дайындыққа және сайлау барысына барынша кең әрі белсенді қатысуы қамтамасыз етілуі тиіс екені атап көрсетілді (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 77-іс. 5-п.).

Сонымен қатар, 1926 жылы құрылған «Қазақ ауылы әйелдерінің арасында» ұйымының алғашқы мүшелерінің саны 32 адамды құраса, сәуір айында олардың қатары 43-ке жетіп, барлығы партия мүшелігіне қабылданды. Ұйым жыл бойы ауылдарда қоғамдық жұмыстар атқарып, көшпелі шаруашылықтағы ауылдарды тұрақты қоныспен қамтамасыз етуге күш салды. «Жалшы әйел» қоғамының қызметі ауылдық кедей әйелдердің тұрмыс жағдайын жақсартуға, советтік билікті «байлармен күрес» бағытында қолдауға және кедей әйелдерді «Жарлы» одағына тартуға бағдарланды. Алайда ұйым мүшелерінің тұрмыстық деңгейі өте төмен болып, олардың табысы батрак әйелдердің табысынан да аз болды (Дауылбаева, 2007: 67).

«Қосшы» одағының қызметі ауылдық қоғамда әлеуметтік және саяси өзгерістерге ықпал етті. Ұйым кедейлер мен орта шаруалар, соның ішінде әйелдер үшін құқықтық қолдау мен қоғамдық белсенділікке қатысу мүмкіндігін кеңейтті. Сонымен қатар, ол ауылдық ортада советтік идеяларды таратуға және тұрмыстық жағдайды жақсартуға өз үлесін қосты. Оған қоса, ұйым экономикалық салада да белгілі бір рөл атқарып, советтік биліктің азық-түлік

саясатын іске асыруға қатысып, еңбекші халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асырды және ұжымдық еңбек бастамаларының қалыптасуына ықпал етті.

Одақ сонымен қатар еңбекші халықтың әл-ауқатын көтеріп, олардың ауыл шаруашылық органдарының жұмысына, азық-түлік салығын жинауға қатысуын қамтамасыз етті және де өз өкілдерін советтерге, халық комиссариаттарына, кәсіподақтарға жіберуге, мемлекет тарапынан шаруаларға несие ретінде берілетін мал, мүлік, ақша сияқты ресурстарды бөлуге басшылық етуге, жерге орналастыру және су пайдалану мәселелерін шешуге қатысу құқығын алды (Дахшлейгер, 1965: 153).

Сонымен қатар, «Қосшы» одағы орташа шаруалар мен кедейлерді билік құрылымдарына тарту арқылы совет өкіметінің ауылдық әлеуметтік тірегін қалыптастырды, алайда бұл үдеріс ауыл ішіндегі таптық қайшылықтардың күшеюіне де әсер етті. Совет өкіметі кедей шаруаларды арнайы кедейлер ұйымдарына біріктіру арқылы олардың күшін топтастыруға айрықша мән берді, себебі кедейлер одағының қолдауынсыз жер-су реформасын табысты жүзеге асыру, кулактарды, ірі байлар мен манаптарды «әшкерелеу» және олардың қарсылығын еңсеру мүмкін емес еді (Еренов, 1963: 157). Осы тұрғыдан алғанда, коммунистік партия мен совет өкіметі «таптық принциптерді» мақсатты түрде қолдану арқылы қоғам ішіндегі әлеуметтік топтарды бір-біріне қарсы қоюдың саяси тетігіне айналып, соның нәтижесінде ауыл шаруашылығын күштеп ұйымдастыруға алып келген үдерістерді жеделдеткен «катализатор» рөлін атқарды (Шамшиева, 2007: 109).

Экономикалық жұмыс саласында «Қосшы» одағына бірқатар міндеттер жүктелді, алайда оның қызметі көбіне совет өкіметінің ауылдағы саясатын іске асыру құралы ретінде жүргізілді. Біріншіден бұл ұйым, ішкі үлестік жер бөлу тәртібі бойынша ұйым қарамағындағы жер учаскелерін анықтап, оларды одақ мүшелеріне бекіту ісін жүзеге асырды. Екіншіден, одақ мүшелерін жеткілікті мөлшерде сумен қамтамасыз ету шараларын қабылдап, бұл мәселені тиісті су шаруашылығы органдарымен үйлестірді. Үшіншіден, ауылшаруашылық ұжымдарына, артельдерге, мал шаруашылығы бірлестіктеріне және ортақ пайдаланатын жер учаскелеріне мүмкіндігінше бір жерден бөлініп берілуіне қол жеткізуге күш салды. Төртіншіден, одақ мүшелері арасында ерікті түрде ұжымдық артельдер мен ауылшаруашылық жер өңдеуді ұйымдастырды. Бесіншіден, ауылшаруашылық машиналарын жалға беру пункттерін құруды қолға алды. Алтыншыдан, жергілікті ауылшаруашылық серіктестіктері арқылы одақ мүшелерін ауылшаруашылық құрал-жабдықтарымен және ұзақ мерзімді несиелермен қамтамасыз етуге ықпал етті. Жетіншіден, уездік және жергілікті деңгейде салық органдарымен өзара өкілдіктер арқылы байланыс орнатып, одақ мүшелерінің құқықтары мен артықшылықтарын қорғады. Сегізіншіден, «Қосшы» одағының жұмыссыз мүшелерінің есебін жүргізіп, оларды кәсіби органдар – «Рабземлес» (Жер және орман қызметкерлерінің кәсіподағы) пен «Еңбек» мекемелерімен байланыстыра отырып, жұмысқа орналастыру мәселесін шешуге атсалысты (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 51-іс. 22-п). Аталған экономикалық жұмыстар «Қосшы» одағының кедей шаруалардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған әрекеттерін аңғартқанымен, олардың нақты нәтижесі шектеулі болып, көбіне совет өкіметінің ауыл шаруашылығындағы саяси мақсаттарымен астасып жатты.

1926 жылғы Бесінші жалпықазақ советтер съезінің шешімін орындау және жерді тең бөлмеу мәселесін азайту мақсатында Қазақ орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесі уақытша шара ретінде ауыл ішіндегі жерге орналастыруды ұйымдастырды. Бұл қажеттілік шаруашылық топтар арасында теңсіздікке байланысты туындады, себебі бай шаруашылықтар шұрайлы шабындықтарды, егіндік жерлерді, суаттарды және жалпы қолайлы учаскелерді иеленіп алған еді. Осыған орай, ауылдық советтер «Қосшы» одағының қатысуымен әкімшілік шегінде жеке шаруашылықтар мен ауыл шаруашылықтары арасында шабындық пен егістік жерлерді теңгерім негізінде бөлу жұмыстарын бастады. Жерді бөлу процесін ауылдық совет мүшесі қадағалады, ал шабындықтар тек сол ауылға тіркелген және жерді іс жүзінде пайдаланатын, жер алуға құқығы бар азаматтарға берілді (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 24-іс. 16-п).

Осылайша, Бесінші жалпықазақ советтер съезінің қаулысымен басталған жер

қатынастарын қайта қарау үдерісі нақты ұйымдастырушылық шараларды қажет етті. Жерді бөлуді жүзеге асыру үшін төменгі деңгейдегі советтік құрылымдар мен қоғамдық ұйымдар тартылды. Бұл ауыл ішіндегі әлеуметтік теңсіздікті жоюға бағытталған практикалық тетіктерді енгізудің алғышарты болды деуге болады. Жергілікті советтер, «Қосшы» одағы және шаруалардың өзара көмек комитеттері жерді бөлу мен оны игеру ісінде негізгі атқарушы тетіктерге айналды. Алайда осы шешімдердің жалғасы ретінде жүзеге асырылған іс-шаралар кедей шаруаларға агрономиялық көмек көрсетуді көздегенімен, олар ауыл шаруашылығын дербес дамытуға емес, оны совет өкіметінің әкімшілік-басқару жүйесіне бағындыра ұйымдастыруға бағытталды.

1926 жылдың мамыр айында қабылданған декретке сәйкес егістік пен шабындық жерлерді мәжбүрлі түрде қайта бөлу міндеті ауылдық кеңестерге жүктеліп, бұл жұмысқа «Қосшы» одағы тартылды. Құжатта кедей шаруаларға сапасы жоғары, пайдалануға қолайлы әрі қыстауларға жақын егістік пен шабындық жерлерді бірінші кезекте алу құқығы белгіленді. Сонымен қатар декрет жерді қайта бөлу барысында оны аулаларға, үлестерге немесе өзге өлшемдерге емес, адам басына қарай бөлуді негізгі қағида ретінде айқындады. Осы тұрғыдан алғанда, ОАК пен ХКК-нің егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу туралы декреті ауыл кедейлерінің мүддесін қорғауға бағытталды және бай шаруашылықтардың жер артықтарын тәркілеу арқылы ауылдағы экономикалық қатынастарды қайта құруды көздеді. Бұл жағдай ауыл кедейлерінің жер мәселесіндегі ұстанымын айқындап, оларды әлеуметтік жағынан жақын топтармен бірігіп, жер үшін күреске тартуға негіз болды, ал мұндай күрес советтік билік жағдайында экономикалық дербестікке қол жеткізудің негізгі тетігі ретінде қарастырылды (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 24-іс. 21-п.).

Совет өкіметі бұл шараны қазақ ауылында жерді пайдалануда қалыптасқан теңсіздікті жою қажеттілігімен негіздеді. Алайда іс жүзінде жер реформасы әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруден гөрі, советтік билікті ауылда нығайту мен дәстүрлі әлеуметтік элитаны әлсіретуге бағытталды. Жерді қайта бөлу арқылы ауқатты бай-шаруалар экономикалық негізінен айырылып, олардың ауыл ішіндегі беделі мен ықпалына соққы берілді. Сондай-ақ бұл кезеңде совет билігі «кедейді байға қарсы қою» әдісін саналы түрде қолданды. Таптық ұрандар арқылы кедей шаруалар саяси биліктің қолшоқпарына айналып, байларды ауылдық басқару жүйесінен ығыстыру үдерісі күшейтілді. Мұндай саясат қазақ ауылына тән дәстүрлі қауымдық байланыстарды әлсіретіп, әлеуметтік жіктелуді тереңдетті. Нәтижесінде жерді қайта бөлу науқаны тек экономикалық шара емес, саяси-идеологиялық сипаттағы науқанға айналды (Табылдиева, Сидешова, 2025: 157).

1927 жылы Сырдария губерниялық «Қосшы» одағы кедей шаруаларға агрономиялық көмек көрсетуді жандандыру мақсатында, ауыл шаруашылық саласында нақты іс-шараларды ұйымдастыруға бағытталған нұсқаулар қабылдады. Губерниялық жер басқармасы тарапынан берілген ережелер негізінде, барлық уездік, болыстық және төменгі буын ұйымдары агрономиялық көмек мәселелері бойынша ақпарат пен түсіндірмелерді тікелей учаскелік және уездік агрономдардан алуға міндеттелді. Сонымен қатар, одақ мүшелерін тұқымдық материалмен қамтамасыз ету бойынша арнайы есеп жүргізу міндеті қойылды. Бұл есеп тек астық дақылдарын ғана емес, сонымен бірге мақта және өзге ауылшаруашылық дақылдарының тұқымдарын да қамтуы тиіс еді. Аталған нұсқаулар «Қосшы» одағының ауыл шаруашылығындағы ұйымдастыру қызметін күшейтіп, кедей шаруаларға көрсетілетін көмек жүйесін нақтылауға бағытталды. Бұл шаралар агрономиялық жұмысты ауылдық деңгейде үйлестіру арқылы шаруалардың өнімділігін арттыруды көздеді (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 79-іс. 59-п.).

Аймақтың шаруашылық әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды шаралардың бірі тұқымдық астықты тарату болды. Осы мақсатта Губерниялық жер басқармасының нұсқауы негізінде Уездік жер басқармасы (УЗУ) қоймасында сақталған тұқымдық астықты бөлу мәселесі қарастырылды. Қызылорда уездік атқару комитеті Президиумының 1927 жылғы 27 наурыздағы № 10 хаттамасына сәйкес, қоймадағы 4383 пұт бидай, 19 пұт арпа және 102 пұт тары «Қосшы» одағының болыстық комитеттері арқылы оның мүшелеріне таратылуы тиіс

болды. Бұл ретте тұқым ең кедей шаруаларға берілуін қамтамасыз ету үшін алдын ала тізімдер жасалып, алушылардан міндеттеме алынды. Тұқымдық қарызды әділ бөлу мақсатында УЗУ жанынан арнайы комиссия құрылып, астықты болыстар бойынша келесідей үлестіру туралы шешім қабылданды: Қызылорда – 1624 пұт, Аламесек – 800 пұт, Шиелі – 972 пұт, Қараөзек – 1043 пұт. Бұл шешім уездегі ауыл шаруашылығын қайта ұйымдастыруға және егіншілердің әлеуметтік-экономикалық жағдайына ықпал етуге бағытталған шаралардың бірі ретінде қабылданды (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 75-іс. 26-п). Сонымен бірге, мақта шаруашылығын дамыту да аймақ экономикасының маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылды.

Мақта егісінің көлемін ұлғайту және халықты бұл салаға тарту одақ экономикасында маңызды орын алған мақта шаруашылығын дамыту үшін мақташыларға қолайлы жағдайлар жасауды талап етті. Мұндай жағдайлар еңбек шығынын өтеп қана қоймай, саланың әрі қарай дамуын ынталандыруы тиіс еді. Алайда өткен жылдар тәжірибесі көрсеткендей, есеп айырысудағы кешігулер, шикізат бағасының төмендігі, қабылдау жұмыстарының ұйымдастырылмауы және материалдық қамтамасыз етудегі олқылықтар мақташылардың бұл салаға және оған жауапты мекемелерге деген сенімін әлсіретті. Сонымен қатар кейбір жағдайларда жөнелтілген өнім көлемінің есепке сәйкес келмеуі заңсыз «еркін егістердің» пайда болуына және түрлі жанжалдардың туындауына әкелді. Осыған байланысты мақта-шикізатын қабылдау мен өткізу үдерісін реттеу және бақылау мақсатында нақты іс-шаралар әзірленіп, оларды жүзеге асыруда «Қосшы» одағы сияқты ұйымдардың қатысуы маңызды деп танылды (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 59-іс. 66-п).

Мақта шаруашылығындағы бақылау және есеп жүргізу тетіктерін жетілдіру ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің, соның ішінде «Қосшы» одағы мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін реттеуге бағытталған шаралардың бірі болды. Бұл іс-шаралар еңбек нәтижесін бағалау тәртібін жүйелеуге, шаруалардың өндірістік белсенділігіне ықпал етуге және мақта өсіру саласын ұйымдастыруды тұрақтандыруға бағытталды. Аталған үдерістер ауылдағы әлеуметтік теңсіздік пен жер қатынастарын реттеу мәселесін күн тәртібіне шығарды. Осыған байланысты 1927 жылғы 27 наурызда Қызылорда уездік атқару комитеті президиумы құнды жер алқаптарын қайта бөлу мәселесін қарап, жер қатынастарын әлеуметтік қағидалар негізінде реттеуге бағытталған шешімдер қабылдады (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 75-іс. 25-п). Алайда, ұйымның жерді қайта бөлуге қатысты қызметі нақты әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ете алмады, ал атқарылған іс-шаралар көбіне әкімшілік сипатта болып, ауылдық қауымдастықтар арасында әлеуметтік жіктелуге ықпал етті.

Голощекиннің «Кіші қазан» саясаты шеңберінде жүзеге асырылған жер реформалары терең әлеуметтік трансформацияны қамтамасыз етуден гөрі, ауылдық кеңістікте советтік биліктің бақылау аппаратын күшейтуге бағытталды. Сондықтан, «Қосшы» одағының қызметі советтік биліктің аграрлық саясатын іске асырудың негізгі тірегіне айналып, оның салдары қазақ ауылында экономикалық және әлеуметтік-мәдени дағдарыстың терендеуіне ықпал етті (Омарбеков, 2001: 30). Зерттеулерде «Қосшы» бұқаралық ұйымының шұрайлы және шабындық жерлерді қайта бөлу процесіне қатысуы жеткілікті деңгейде болмағаны, ал кейбір өңірлерде мүлдем шет қалғаны атап өтіледі. Сонымен қатар, 1927 жылғы алғашқы бүкілодақтық съезден кейін ұйымның партиялық қысым нәтижесінде аталған шараларға араласқаны көрсетіледі (Ешмұратов, 2007: 41). Осыдан, бұқаралық ұйымның жерді қайта бөлу процесіне қатысуға жеткілікті деңгейде мүдделілік танытпағаны байқалады. Бұл жағдай, бір жағынан, «Қосшы» одағының формалды түрде бұқаралық ұйым ретінде құрылғанымен, нақты шешім қабылдау тетіктерінен шет қалуымен, екінші жағынан, оның қызметінің партиялық нұсқауларға тәуелділігімен түсіндіріледі. Ұйымның жер мәселесіне белсенді араласуы ішкі бастамадан емес, жоғарыдан түскен саяси қысымның нәтижесінде жүзеге асқаны оның дербес мүдделілік таныта алмағанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, «Қосшы» одағы жерді қайта бөлу процесінде тәуелсіз әлеуметтік күшке айнала алмай, советтік әкімшілік-саяси механизмнің қосалқы құралы ретінде әрекет еткен.

Ұйымдастырушылық қызмет экономикалық қызметті тиімді жүзеге асыруға бағытталды. «Қосшы» одағы жұмысын дамыту, кадр құрамын жетілдіру, мүшелерді нақты есепке алу,

жалшылар мәселесін шешу және басқа еңбек ұйымдарымен ынтымақтастық орнату үшін арнайы қызметтер құрды. Сырдария губерниялық комитеті одақтың 1925 жылғы қаңтар-наурыз айларына арналған жұмыс бағытын айқындап, жергілікті жерде «Қосшы» аппаратының құрылымын қалыптастыру, президиум құру және кадрларды іріктеу, штаттарды жаңарту, еңбек өнімділігін арттыруға қабілетті кадрларды анықтау сияқты нақты міндеттерді белгіледі. «Жұмыс жоспары келесі бағыттарды қамтыды: 1. Губерниялық комитеттің (губком) бастамасымен «Қосшы» одағы аппаратының құрылымын қалыптастыру, президиум құру және техникалық қызметкерлерді іріктеу; 2. Штаттық құрамды қайта қарастырып, уездік аппаратты жаңарту, олардың президиумдарын ұйымдастыру және еңбек өнімділігін арттыруға қабілетті кадрларды іріктеу; 3. «Қосшы» одағы желісі бойынша жауапты қызметкерлердің жұмысын тәртіпке келтіру және тиімділігін арттыру» (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 51-іс. 22-п).

Губерниялық комитеттің шешімдерінде белгіленген аталған тармақтар «Қосшы» одағының ұйымдастырушылық аппараты мен кадрлық құрамын реттеуге бағытталды. Атап айтқанда, одақ президиумын құру, техникалық қызметкерлерді іріктеу, уездік деңгейдегі аппараттарды қайта ұйымдастыру және жауапты қызметкерлердің қызметін жүйелеу міндеттері қойылды. Бұл шаралар «Қосшы» одағының басқару құрылымын айқындап, оның қызметін белгілі бір тәртіпке келтіруге жағдай жасады. Сонымен қатар, «Қосшы» одағының қызметкерлерін іріктеу барысында тек ұйымдастырушылық қабілет қана емес, олардың саяси, идеологиялық және жеке моральдық қасиеттері де мұқият тексеріліп отырды.

Бұл талаптар анкета үлгісіндегі сұрақтардан көрініс тапты, мысалы: Қызыл әскерде қызмет етті ме (қызмет түрін көрсету), әскери міндетке көзқарасы; сотталғаны туралы мәлімет (азаматтық, партиялық, іс сипаты); 1905 жылдан бастап атқарған қызметтері (кемінде 6 ай істегендерін көрсету); революциялық жұмысқа қатысуы (қайда, қашан, қандай формада); қоғамдық жұмыс тәжірибесі (қызметтік немесе сайланбалы міндеттерін көрсету). Оған қоса, қызметкерлердің жеке қасиеттерін бағалау мынадай өлшемдер бойынша жүргізілді: ұйымдастырушылық және әкімшілік қабілеттері; өзін-өзі ұстай білуі мен сабырлылығы; қателіктерін мойындап, қорытынды жасай алу қабілеті; жалпы тәртібі (партия мүшелері үшін партиядағы тәртібі); ерекше артықшылықтары мен кемшіліктері; партиялық тұрақтылығы (өткен кезеңде большевизмнен ауытқу фактілері); шығыс өңірлерінде советтік ұлттық саясатты жүзеге асырудағы белсенділігі (ұлыдержавалық шовинизмге немесе жергілікті ұлтшылдыққа бейімділігінің болуы). Сонымен қатар, маркстік даярлық деңгейін бағалау келесі көрсеткіштер бойынша жүргізілді: марксизм негізінде жүйелі білімінің болуы; саяси тұрғыдан жеткілікті дамуы; саяси жағдайды талдап, бағдарлай алу қабілеті; марксистік әдістерді қолдану дағдысы; марксизм бойынша ғылыми еңбектер мен мақалалардың болуы. Бұл бөлім партия мүшесі емес тұлғалар үшін ішінара ғана толтырылып, олардың жеке ерекшеліктеріне қарай бейімделді (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 15-іс. 4-п).

Аталған талаптар «Қосшы» одағының құрамына тек саяси тұрғыдан сенімді әрі идеологиялық жағынан даяр кадрларды тарту мақсатын көздеді. Осыдан, ұйымның қызметі одақ мүшелері арасында қоғамдық және еңбек ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған шараларды іске асырумен қатар, советтік жүйенің шарттарына сәйкес кадрларды даярлауға айрықша назар аударғанын көрсетеді.

Деректерде «Қосшы» одағының қызметі халықтың мәдени деңгейін көтеру және одақ мүшелерінің саяси сауаттылығын арттыру міндеттерімен байланыстырылды (Дауылбаева, 2007:66). Осы бағытта ұйымның қызметі мәдени-ағартушылық жұмыстармен байланысты болды. Құжаттарда ауылдарда мектептер ашу, еңбекші шаруалар арасында мерзімді баспасөзді тарату және бұл шараларды жүзеге асыруға жауапты адамдарды белгілеу көзделгені көрсетіледі (Нүрпейісұлы, 1972: 283). Осыған байланысты одақтың қызметінде ауылдағы мәдени-ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыру мәселесіне назар аударылып, оның жүзеге асырылу тәртібі айқындалды. Мәдени-ағарту жұмыстарының негізгі бағыттары ретінде сауатсыздықты жою және ауыл халқын газеттермен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету белгіленді (Бурыгин, 1926: 198).

Осылайша «Қосшы» одағының ұйымдастырушылық және экономикалық қызметімен қатар, мәдени-ағарту саласы да оның қызмет бағыттарының бірі ретінде қарастырылды. Ауыл еңбекшілерінің қоғамдық және шаруашылық қызметіне олардың мәдени және сауаттылық деңгейінің ықпалы ескерілді. Осыған байланысты Сырдария губерниялық комитеті алдағы кезеңде мәдени-ағарту шараларын жүзеге асыруды жоспарланған міндеттердің қатарына қосты.

Осыған орай, біріншіден, уезд көлемінде «Қосшы» одағының сауатсыз және шала сауатты мүшелерін нақты есепке алу міндеті қойылды. Бұл деректер оқу-ағарту мекемелерінің санын жоспарлауға және сауатсыздықты жою науқанының ауқымын анықтауға мүмкіндік берді. Екіншіден, саяси-ағарту мекемелері мен төменгі буын ұйымдары арқылы сауат ашу мектептері (Ликбез), қызыл шайханалар, оқу үйлері сияқты мәдени-ағарту орталықтарының санын көбейту көзделді. Мұндай мекемелер ауылдық жерлердегі еңбекші бұқараға саяси-тәрбие берудің және мәдени білім таратудың негізгі құралдары болды. Үшіншіден, ауылдық «Қосшы» ұяшықтары жанынан үйірмелер ұйымдастырылып, ауыл шаруашылығы мен мақташылық мәселелеріне арналған дәрістер мен дауыстап оқу кештері өткізілді. Бұл іс-шараларға жергілікті мұғалімдер мен ағартушы кадрлар тартылды. Төртіншіден, «Қосшы» мүшелері арасынан советтік партия мектептеріне, ауылшаруашылық техникумдарына және тракторлық курстарға түсуге ниет білдіргендерді арнайы есепке алу жұмысы жүргізілді. Бұл шаралар ауыл жастарының кәсіби даярлығын арттыруға және жаңа техниканы меңгеруге жол ашты. Осылайша, «Қосшы» одағының мәдени-ағарту бағыты сауатсыздықты жоюмен қатар, ауыл еңбекшілерін жаңа қоғамдық қатынастарға тарту және олардың саяси әрі мәдени даярлығын арттыру міндеттерімен байланыстырылды. Аталған іс-шаралар ұйым қызметінің жалпы құрылымында белгілі бір орын алып, әлеуметтік-экономикалық реформаларды іске асырумен өзара сабақтастықта жүргізілді (ҚОҚСТМА. Р-1544-к. 1-т. 51-іс. 22-п).

Қызыл шайханалар советтік идеологияны ауылдық және қалалық еңбекшілер арасында тарату, саяси-ағарту және мәдени орталық ретінде қызмет етуге тиіс мекемелер еді (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 1-іс. 1-2-пп). Шайхана Түркістан өңірінің ауылдары мен көне қалаларындағы қоғамдық өмірдің маңызды орталығы ретінде қызмет атқарды. Бұл жерде халық пікір алмасып, билік өкілдерінің нұсқауларын тыңдап, саяси және өзге де жаңалықтармен танысты, сондай-ақ сауда келісімдерін жүзеге асырды. Осыған байланысты қоғамдық өмірдің аталған ортасын советтік идеологияға бейімдеу міндеті қойылды. Шайханаларды ұйымдастыруда сандық көрсеткішке емес, сапалық деңгейге басымдық беру қажет болды. Аз, бірақ жақсы жабдықталған шайханалар құру ұсынылды және әр болысқа бір шайхана жеткілікті деп есептелді. Қолданыстағы шайханалар нығайтылғаннан кейін ғана жаңаларын ашуға көшу жоспарланды. Сонымен қатар, шайханаларды газет-журналдармен және әдебиеттермен қамтамасыз ету міндеті қойылды.

Осыған байланысты Қызыл шайханаларды ұйымдастыру және олардың негізгі міндеттері төмендегідей болып айқындалды: Қызыл шайхананы ұйымдастыру бастамасы партия комитеттерінен, «Қосшы» одағы және Коммунистік жастар ұйымы органдарынан шығуы тиіс еді. Жергілікті деңгейде бұл жұмысты партия бөлімшелері, ауылдық «Қосшы» ұйымдары және Коммунистік жастар ұйымдары жүзеге асыратын болды. 2) Ұйымдастыру тобына басқаның еңбегін «қанаушылар», дінбасылар және сайлау құқығынан айырылғандар кіргізілмейтін болып міндеттелді. 3) Ұйымдастыру тобы еңбекшілер жиі жиналатын қолайлы шайхананы таңдап, оның иесімен келісім жасайды және мекемені советтік талаптарға сәйкес жабдықтайды. Сосын мерзімді басылымдарға жазылу, плакаттар ілу және қабырғаларға көрнекі үгіт-насихат материалдарын орналастыру жұмыстары жүргізілетін болды. 4) Қызыл шайханалар ауылдық шайханаларда, мақта зауыттарында, дайындау конторларында, жергілікті жер органдарында, Наркомпрод (Азық-түлік халық комиссариаты) мекемелерінде немесе «Қосшы» мен Коммунистік жастар ұйымдарының жанында ұйымдастырылуы мүмкін деп белгіленді. 5) Шайхана кеңесі саяси, кәсіби және кооперативтік қызметкерлердің сапарларын тиімді пайдаланып, олардың шаруалармен түсіндірме және ақпараттық сипаттағы әңгімелер өткізуін ұйымдастыруға міндетті болды. 6) Әңгімелер сирек жағдайда жалпы

коммунизм мәселелеріне арналуы мүмкін еді. Алайда негізгі назар шаруаларға жақын тақырыптарға аударылуы тиіс болды: мектептің жағдайы, суару және агрономия, жер бөлу, салықтар мен олардың мақсаты, сауатсыздықты жою, жол және көпір құрылысы, шаруашылық мәселелері. Бұл тақырыптар кеңірек мазмұндағы мәселелермен Шығыстағы ұлттық қозғалыстар, Батыстағы жұмысшылар қозғалысы және советтік биліктің мәнімен байланыстырыла қарастырылуы қажет деп белгіленді. 7) Баяндамалар жергілікті халыққа түсінікті тілде, қарапайым әрі мазмұнды түрде жүргізілуі тиіс деп тапсырылды. 8) Шайханаларда партия ұяларының, «Қосшы» ұйымдарының, жастар және кооператив мүшелерінің жиналыстарын өткізуге мүмкіндік берілді. 9) Қызыл шайханаларды қаржыландыру жергілікті атқару комитеттерінің қаражатынан, сондай-ақ аталған ұйымдардың жәрдемақылары мен ерікті жарналар есебінен жүзеге асырылды. 10) Шайханаға тұрақты бекітілген қызметкерлер мен халық мұғалімдері еңбекақымен қамтамасыз етілуі тиіс деп белгіленді. Осы мақсатқа сәйкес, барлық облыс орталықтарында «Дихан үйін» ашу жөнінде шаралар қабылдау қажет болды. Бұл мекемелер ауыл мен қыстақ халқы арасында үгіт-насихат жүргізудің орталығы болып қана қоймай, сонымен бірге «Қосшы» одағы мүшелеріне әкімшілік, салық және басқа да мәселелер бойынша құқықтық көмек көрсету және түсіндіру жұмыстарын жүргізетін аппарат ретінде пайдаланылуы тиіс еді (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 6-іс.10- п).

1924 жылғы 5 наурызда «Ақ жол» газетінде жарық көрген «Қосшы тіршілігі» атты мақалада, Жетісу облысындағы «Қосшы» ұйымдарының оқу-ағарту ісі, шаруашылық құрылысы және ұйым қатарларын нығайту бағытында атқарған жұмыстары баяндалды. Мақалада ауылдық жерлерде еңбекші халықтың тұрмысын жақсартуға, мәдени деңгейін көтеруге бағытталған іс-шаралардың маңызы атап көрсетілді (Нұрпейісұлы,1972: 282). Сонымен бірге, Облыстық комитеттің (Обкомның) «Ақ жол» және «Смычка» газеттеріне жазылуды күшейту жөнінде бірнеше рет үндеу жасалғанына қарамастан, бұл бағытта әлі де айтарлықтай ілгерілеушілік байқалмай отырғаны сын ретінде көрсетілді. Советтік билік ұсынған шараларды жүзеге асыруда жетекші рөл атқаруы тиіс «Қосшы» ұйымдарының бұл бағыттағы істерге жеткілікті мән бермеуі сын тұрғысынан бағаланды. Осыған байланысты облыстық комитет ауылдық жерлер мен қырда газеттер мен журналдарды кеңінен тарату және олардың насихатталуы мен таралымын арттырудың ауыл тұрғындарының мәдени-рухани өмірі мен тұрмыс деңгейіне тікелей ықпал ететінін ескеріп, ұйымдарға бұл бағыттағы жұмысты жандандыру міндетін жүктеді (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 33-іс. 11-п).

«Қосшы» ұйымдарының ауыл шаруашылығы саласындағы қызметі мен өмірі партиялық және советтік баспасөз беттерінде жеткілікті түрде көрсетілмегендіктен, кейде «Қосшы» ұйымы мүлде жоқ сияқты әсер қалдыратыны да сыналып отырды. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Обком ұйым қызметін газет беттерінде тұрақты түрде жариялауға ерекше көңіл бөліп, уездік «Қосшы» комитеттерінің алдына нақты міндеттер қойды. Атап айтқанда, «Қосшы» уездік комитеттерінің жауапты қызметкерлері өз жұмысын және бастауыш ұйымдардың қызметін үнемі баспасөз арқылы жариялап отыруы тиіс деп белгіленді. Сондай-ақ бастауыш ұйым жиналыстарында «Қосшы» тілшілерін сайлап, олардың міндетіне ұйым өмірін жан-жақты баяндап, оны «Ақ жол» және «Советская степь» газеттерінде жариялау тапсырылды. Сонымен қатар ұйымдарға арнайы үгіт-насихат жүргізетін өкілдер бөлу, баспасөздің маңызы мен қажеттілігін түсіндіру жұмыстарын күшейту және ұжымдық жазылу тәсілін енгізу ұсынылды (ҚОҚСТМА. Р-1544-қ. 1-т. 34-іс. 32-п).

Қорытынды

Қорытындылай келе, «Қосшы» одағының қызметі Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы әлеуметтік және саяси трансформациялар аясында қарастырылуы тиіс күрделі құбылыс болды. Ұйым ауыл еңбекшілерін біріктіру, жер қатынастарын қайта реттеу және мәдени-ағартушылық шараларды жүзеге асыру арқылы советтік әлеуметтік саясаттың жергілікті деңгейде жүргізілуіне ықпал етті. Алайда бұл қызмет еңбекші бұқараның дербес бастамасынан гөрі, советтік биліктің саяси-әкімшілік мақсаттарымен тығыз сабақтастықта

іске асырылды. 1920–1930 жылдардағы экономикалық және мәдени-ағартушылық науқандар барысында «Қосшы» одағы еңбекшілерді ұйымдастырудың белгілі бір тетіктерін қалыптастырғанымен, бұл үдеріс олардың өзіндік мүдделерін қорғаудан гөрі, ұжымдастыру саясатына бейімдеуге бағытталды. Голощекиннің «Кіші қазан» саясаты кезеңінде ұйымның дербестігі біртіндеп шектеліп, ол әкімшілік-басқару жүйесінің құрамдас бөлігіне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, «Қосшы» одағының қызметін біржақты прогрессивті қозғалыс ретінде де, толықтай репрессивті тетік ретінде де бағалау жеткіліксіз: ол бір мезгілде еңбекші топтарды жұмылдыру құралы әрі ауылдағы әлеуметтік қайшылықтарды тереңдеткен советтік саясаттың іске асу механизмі қызметін атқарды.

Сонымен қатар, «Қосшы» одағының қызмет тәжірибесі қазіргі кезеңде ауылдық қоғамдағы өзін-өзі ұйымдастыру, экономикалық тәуелділік пен мәдени өзгерістер мәселелерін тарихи тұрғыдан талдау үшін маңызды дереккөз болып табылады. Қызылорда өңірі тарихының құрамдас бөлігі саналатын бұл ұйымның қалыптасуы мен қызметі ауыл еңбекшілерінің әлеуметтік жағдайындағы өзгерістермен, сауаттандыру науқандарымен және дәстүрлі әлеуметтік қатынастардың трансформациясымен байланысты болды. Алайда «Қосшы» одағының саяси, экономикалық және мәдени-ағартушылық қызметі еңбекші топтардың мүдделерін қорғаудан гөрі, көбіне советтік идеологияны орнықтыру және ауыл қоғамын жаңа әлеуметтік-саяси үлгіге бейімдеу міндеттерімен ұштасып отырды. Ұйымның қызметі әйелдер мәселесі мен тұрмыстық өзгерістерге қатысты белгілі бір жаңашыл элементтерді қамтығанымен, бұл үдерістер жоғарыдан жүргізілген саясаттың шеңберінде іске асырылды. Сонымен қатар, «Қосшы» одағының әрекеттері кей жағдайда ауыл ішіндегі таптық жіктелуді күшейтіп, әлеуметтік шиеленістердің тереңдеуіне де ықпал етті.

Sources

BSAKRSH — Branch of the State Archive of Kyzylorda Region for Socio-Political History

Дереккөздер

ҚОҚСТМА — Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің Қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы

References

- Amantayev, 1969 — *Amantayev B.A.* Sotsializm i korennoye preobrazovaniye sotsialnoy prirody kazakhskogo krestyanstva [Socialism and the radical transformation of the social nature of the Kazakh peasantry]. Alma-Ata: Nauka, 1969. 452 p. [In Russ.].
- Baigabylov, 2008 — *Baigabylov N.S.* Кеңес заманындағы аграрлық мәселелер [Agrarian issues in the Soviet era]. Almaty: Olke, 2008. 327 p. [In Kaz.].
- Burygin, 1926 — *Burygin A.* Soyuz Koshchi [Union “Koshchi”] // Ves’ Turkmenistan. Ashkhabad (Poltoratsk): Turkmenskaya Iskra, 1926. pp. 197–200. [In Russ.].
- Davlet-Yusupov, 1964 — *Davlet-Yusupov M.Kh.* Ob uchastii soyuza «Koshchi» v ukreplenii mestnykh sovetov Uzbekistana (1925–1930) [On the Participation of the «Koshchi» Union in Strengthening Local Soviets in Uzbekistan (1925–1930)] // Obshchestvennye nauki v Uzbekistane. Tashkent: Izdatelstvo Akademii nauk Özbek SSR, 1964. 65 p. [In Russ.].
- Dauylbaeva, 2007 — *Dauylbaeva S.B.* “Koshchi” odaғы және ondaғы Oraz Zhandosovtyń atqarǵan qyzmeti [The “Koshchi” union and Oraz Zhandosov’s role in it] // QazUU khabarshysy. 2007. No. 1(44). pp. 65–67. [In Kaz.].
- Dakhshleyger, 1965 — *Dakhshleyger G.F.* Sotsialno-ekonomicheskoye preobrazovaniya v aule i derevne Kazakhstana 1921–1929 gg. [Socio-economic transformations in Kazakh auls and villages 1921–1929]. Alma-Ata: Nauka, 1965. 536 p. [In Russ.].
- Erenov, 1963 — *Erenov A.* Vozniknovenie i razvitie sotsialisticheskikh zemelnykh pravootnoshenii v Kazakhskoi SSR [The Emergence and Development of Socialist Land Relations in the Kazakh SSR]. Almaty: AN Kaz. SSR, 1963. 364 p. [In Russ.].
- Eshmuratov, 2007 — *Eshmuratov A.K.* XX ǵasyrdyń 20-shy zhyldaryndaғы аграрлық ózgerister ayasyndaғы “Koshchi” buqaralyq uyuymy qyzmetiniń keńestik tarikhnamadaғы interpretatsiyasy [Interpretation of the “Qosshy” mass organization in Soviet historiography during agrarian changes of the 1920s] // Pavlodar MU khabarshysy. 2007. No. 2. [In Kaz.]. 32-45 б.
- Zhumabekov, 1969 — *Zhumabekov Zh.* Leninskiye idei rukovodstva massami i deystvii [Lenin’s ideas on leadership of the masses and action]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1969. 175 p. [In Russ.].
- Kozlov, 2012 — *Kozlov A.P.* Zemleustroitelnyye raboty 1920-kh gg. i ikh rol’ v stanovlenii etnokraticheskoy gosudarstvennosti v Kazakhstane [Land management works of the 1920s and their role in the formation of ethnocratic statehood in Kazakhstan] // Sovremennyye issledovaniya sotsialnykh problem. 2012. No. 4(12). [In Russ.]. 1-14 c.

- Nurpeisuly, 1972 — *Nurpeisuly K.* Qazaqstannyń sharualar sovetteri (1917–1929) [Peasant Soviets of Kazakhstan (1917–1929)]. Almaty: Gylym, 1972. 348 p. [In Kaz.].
- Nurpeisuly, 1997 — *Nurpeisuly K.* Kishi oktyabr qurbany [Victim of the Little October] // Egemen Qazaqstan. 1997. No. 199. [In Kaz.]. 3 б.
- Omarbekov, 2001 — *Omarbekov T.* XX ғасырдағы Qazaqstan tarikhynyn ózekti meseleleri [Topical issues of Kazakhstan’s history in the 20th century]. Almaty: Qazaqparat, 2001. 404 p. [In Kaz.].
- Skalov, 1923 — *Skalov G.* Organizatsiya soyuza “Koshchi” i zemelnaya reforma [Organization of the “Koshchi” union and land reform]. Zhizn natsionalnosti [Life of Nationalities] / eds. G.I. Broydo, M. Sultan-Galiev, I.P. Trainin. Moskva: Narodny komissariat po delam natsionalnostey RSFSR, 1923. 45 p. [In Russ.].
- Tabyldieva, Sideshova, 2025 — *Tabyldieva O.D., Sideshova R.A.* Z. Izhanovtın enbekterindegi Mangystau tarihına qatıstı arxivtik qujattarga sholu [A Review of Archival Documents Related to the History of Mangystau in the Works of Z. Izhanov] // Yessenov Science Journal. 2025. No. 1(50). pp. 156–166. [In Kaz.].
- Toleugalieva, 1998 — *Toleugalieva Z.* “Koshchi” degen odaq bolǵan [There was a union called “Koshchi”] // Zhas Alash. 1998. No. 66. [In Kaz.]. 5 б.
- Shamshieva, 2007 — *Shamshieva G.S.* Buryńǵy Syrdariya oblysyndaǵy “Qosshy” odaqynyń paidabolu men qalyptasuy tarikhynan [On the history of the emergence and formation of the “Koshchi” union in former Syrdarya region] // QazUU khabarshysy, 2007. No. 3(46). [In Kaz.]. 104-109 б.

Әдебиеттер

- Амантаев, 1969 — *Амантаев Б. А.* Социализм и коренное преобразование социальной природы казахского крестьянства. Алма-Ата: Наука, 1969. 452 с.
- Байғабдылов, 2008 — *Байғабдылов Н. С.* Кеңес заманындағы аграрлық мәселелер. Алматы: Өлке, 2008. 327 б.
- Бурьгин, 1926 — *Бурьгин А.* Союз Кошчи // Весь Туркменистан. Асхабад (Полторацк): Туркменская искра, 1926. С. 197–200.
- Давлет-Юсупов, 1964 — *Давлет-Юсупов М.Х.* Об участии союза Кошчи в укреплении местных советов Узбекистана (1925–1930) // Общественные науки в Узбекистане. Ташкент: Издательство Академии наук Узбекской ССР, 1964. 65 с.
- Дауылбаева, 2007 — *Дауылбаева С.Б.* «Қосшы» одағы және ондағы Ораз Жандосовтың атқарған қызметі // ҚазҰУ хабаршысы. 2007. № 1 (44). Б. 65–67.
- Дахшлейгер, 1965 — *Дахшлейгер Г.Ф.* Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921–1929 гг.). Алма-Ата: Наука, 1965. 536 с.
- Еренов, 1963 — *Еренов А.* Возникновение и развитие социалистических земельных правоотношений в Казахской ССР. Алматы: АН Каз. ССР, 1963. 364 б.
- Ешмұратов, 2007 — *Ешмұратов А.Қ.* XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы аграрлық өзгерістер аясындағы «Қосшы» бұқаралық ұйымы қызметінің кеңестік тарихнамадағы интерпретациясы // Павлодар МУ хабаршысы. 2007. № 2. 32-45 б.
- Жумабеков, 1969 — *Жумабеков Ж.* Ленинские идеи руководства массами в действии. Алма-Ата: Казахстан, 1969. 175 с.
- Козлов, 2012 — *Козлов А.П.* Землеустроительные работы 1920-х гг. и их роль в становлении этнократической государственности в Казахстане // Современные исследования социальных проблем (электронный научный журнал). 2012. № 4 (12). 1-14 с
- Нұрпейісұлы, 1972 — *Нұрпейісұлы К.* Қазақстанның шаруалар советтері (1917–1929). Алматы: Ғылым, 1972. 348 б.
- Нұрпейісұлы, 1997 — *Нұрпейісұлы К.* Кіші Октябрь құрбаны // Егемен Қазақстан. 1997. № 199. 3 б.
- Омарбеков, 2001 — *Омарбеков Т.* XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Алматы: Қазақпарат, 2001. 404 б.
- Скалов, 1923 — *Скалов Г.* Организация союза «Кошчи» и земельная реформа // Жизнь национальностей / под ред. Г.И. Бройдо, М. Султан-Галиева, И.П. Трайнина. Москва: Народный комиссариат по делам национальностей РСФСР, 1923. 45 с.
- Табылдіева, Сидешова, 2025 — *Табылдіева О.Д., Сидешова Р.А.* З. Ижановтың еңбектеріндегі Маңғыстау тарихына қатысты архивтік құжаттарға шолу // Yessenov Science Journal. 2025. № 1 (50). б. 156–166.
- Төлеуғалиева, 1998 — *Төлеуғалиева З.* «Қосшы» деген одақ болған // Жас Алаш. 1998. № 66. 5 б.
- Шамшиева, 2007 — *Шамшиева Г.С.* Бұрынғы Сырдария облысындағы «Қосшы» одағының пайда болу мен қалыптасуының тарихынан // ҚазҰУ хабаршысы. 2007. № 3 (46). 104-109 б.

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Abdimomynov N.T., Osanova A.O., Djumashev A. FROM IDEOLOGY TO EMPIRICAL SYNTHESIS: THE EVOLUTION OF THE SOVIET RUSSIAN HISTORIOGRAPHY ON THE POLITICAL ECONOMY OF THE GOLDEN HORDE)	7
Kalfa M., Kozhakhan Zh., Beysegulova A. THE HISTORY OF RESEARCH ON THE LEATHER-PROCESSING CRAFT OF THE KAZAKH PEOPLE.....	23
Temirkhanov B., Mutaliyev M., Karakulak M. THE IMAGE OF KHOJA AHMET YASSAWI IN THE “KAZAKH” NEWSPAPER.....	36

HISTORY

Aldazhumanov K.S., Sandybayeva D.M., Abuov N.A. KAZAKHSTANIS IN CAPTIVITY, THE PARTISAN MOVEMENT, AND THE EUROPEAN RESISTANCE.....	46
Barm E., Satayeva B. THE CONSTRUCTIVE ROLE OF CULTURE AND LANGUAGE IN HISTORICAL DISCOURSE.....	62
Bulanov E., Tumabayev T., Safarov R. THE BASMACHI MOVEMENT IN CENTRAL ASIA: HISTORICAL ORIGINS AND REGIONAL PECULIARITIES.....	79
Zholdassuly T., Madelkhanova M. THE “KOSHCHI” UNION AND ITS ACTIVITIES IN THE KYZYLORDA REGION: A STUDY BASED ON ARCHIVAL MATERIALS (1920–1929).....	95
Kasymbekova M.A., Vecihi S.F.H. SOCIAL PREREQUISITES FOR THE EMERGENCE AND DEVELOPMENT OF SUFI ORDERS IN CENTRAL ASIA.....	110
Kokebayeva G.K., Bissembaiuly M. FORCED MIGRATION AND ETHNIC POLICY IN WESTERN BELARUS AND WESTERN UKRAINE IN THE 1940s.....	124
Kuanbay O.B., Apendiyev T.A., Ushkurbayeva A.E. DEMOGRAPHIC DYNAMICS OF TAJIKISTAN: FERTILITY, MORTALITY, TRENDS AND FORECASTS (1990–2023).....	138
Malikova S.Z., Tashagil A., Issakayeva A.M. AUL BAIS: THE POLICY OF CONFISCATION AND DEPORTATION CONDUCTED IN THE BULAEV DISTRICT.....	154
Muhametkhanuli N., Kurbanali Zh. POLITICAL RELATIONS BETWEEN THE HAN DYNASTY AND THE XIONGNU AND THEIR INFLUENCE ON NOMADIC CIVILIZATION.....	168
Mukhatova O.Kh., Seffat D. KAZAKH – RUSSIAN DIPLOMATIC RELATIONS OF THE LATE 17TH – EARLY 18TH CENTURIES	181
Myrzabekova R., Zhakupova G., Rakhmonkulova Z. FORCED LABOR SYSTEM IN THE TERRITORY OF THE KAZAKH SSR ON THE EXAMPLE OF JAPANESE PRISONERS OF WAR (1946–1956).....	194
Nurpeissova E., Baydaly R., Abil Ye. SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF ELDES OMAROV DURING THE YEARS OF CIVIL CONFRONTATION (1917–1919).....	210
Sarsembayeva G.A., Zhailaubayeva A.N., Ualtayeva A. SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES IN THE CITIES OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 90s OF THE XXth CENTURY (BASED ON THE EXAMPLE OF UST-KAMENOGORSK AND SEMIPALATINSK).....	225
Sissenbayeva A., Kalybekova M.Ch., Abuov N.A. KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN NAZI CONCENTRATION CAMPS DURING THE SECOND WORLD WAR: POSSIBILITIES FOR RECONSTRUCTING INDIVIDUAL FATES ON THE BASIS OF ARCHIVAL CARD FILES.....	240
Teleuova E.T., Zhumadil A.K. THE FORMATION PATTERNS OF A HYBRID LEGAL MODEL IN THE 19TH CENTURY KAZAKH STEPPE.....	255

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Assylbekova N., Kistaubayeva A., Dospanov O. KAZAKH ETHNOGRAPHIC COLLECTIONS OF THE KUNSTKAMERA: A MUSEOLOGICAL ANALYSIS.....	269
Musabayev K., Sizdikov B., Maldybek A. THE LOCALIZATION OF THE MEDIEVAL CITY OF SURI: BASED ON WRITTEN AND ARCHAEOLOGICAL SOURCES.....	281

МАЗМҰНЫ**ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ**

Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М. ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДОГМАЛАРДАН ЭМПИРИКАЛЫҚ СИНТЕЗГЕ: АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЭКОНОМИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ.....	7
Калфа М., Қожахан Ж., Бейсеғұлова А. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕРІ ӨНДЕУ КӘСІБІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	23
Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ БЕЙНЕСІНІҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ.....	36

ТАРИХ

Алдажұманов Қ.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. ТҮТҚЫНҒА ТҮСКЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР, ПАРТИЗАН ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ҚОЗҒАЛЫСЫ.....	46
Барын Е., Сатаева Б. ТАРИХИ ДИСКУРСТАҒЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛДІҢ КОНСТРУКТИВТІК ҚЫЗМЕТІ.....	62
Бұланов Е.О., Тұмабаев Т.С., Сафаров Р.И. ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ: ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ МЕН АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	79
Жолдасұлы Т., Маделханова М. «ҚОСШЫ» ОДАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ: АРХИВТІК МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ (1920–1929 жж.).....	95
Касымбекова М.Ә., Вежихи С.Ф.Х. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА СОПЫЛЫҚ ТАРИҚАТТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	110
Көкебаева Г.К., Бисембайұлы М. 1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАТЫС БЕЛАРУСЬ ПЕН БАТЫС УКРАИНАДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ САЯСАТ.....	124
Қуанбай О.Б., Әпендиев Т.Ә., Ушқурбаева А.Е. ТӘЖІКСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДИНАМИКАСЫ: ТУЫЛУ МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМ КӨРСЕТКІШІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР (1990–2023).....	138
Маликова С.З., Ташағыл А., Исакаева А.М. АУЫЛ БАЙЛАРЫ: БУЛАЕВ АУДАНЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕР АУДАРУ САЯСАТЫ.....	154
Мұқаметханұлы Н., Құрбанәлі Ж. ХАНЬ ДИНАСТИЯСЫ МЕН ҒҰНДАРДЫҢ САЯСИ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ.....	168
Мұхатова О.Х., Сеффат Д. XVII Ғ. СОҒЫ – XVIII Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ.....	181
Мырзабекова Р., Жақупова Г., Байхоразова З. ҚАЗАҚ КСР ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕК ЖҮЙЕСІ ЖАПОН СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫ МЫСАЛЫНДА (1946–1956).....	194
Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Әбіл Е.А. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (1917–1919 жж.).....	210
Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 90–Ы ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК–ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР (ӨСКЕМЕН МЕН СЕМЕЙ МЫСАЛЫНДА).....	225
Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КОНЦЛАГЕРЬЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР: АРХИВТІК КАРТОТЕКАЛАР НЕГІЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЛАРЫН ҚАЙТА ҚАРАУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	240
Телеуова Э.Т., Жұмаділ А.Қ. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ГИБРИДТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮЛГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.....	255

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КУНСТКАМЕРАДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ: МУЗЕЙТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....	269
Мұсабаев Қ., Сиздиқов Б., Малдыбек А. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СУРИ ҚАЛАСЫНЫҢ ЛОКАЛИЗАЦИЯСЫ: ЖАЗБА ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ.....	281

СОДЕРЖАНИЕ ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М. «ОТ ИДЕОЛОГИЧЕСКИХ ДОГМ К ЭМПИРИЧЕСКОМУ СИНТЕЗУ: ЭВОЛЮЦИЯ СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ПОЛИТЭКОНОМИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ».....	7
Калфа М., Кожахан Ж., Бейсегулова А. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ КОЖЕВЕННОГО РЕМЕСЛА КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	23
Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ОБРАЗ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ В ГАЗЕТЕ «КАЗАХ».....	36

ИСТОРИЯ

Алдажуманов К.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. КАЗАХСТАНЦЫ В ПЛЕНУ, ПАРТИЗАНСКОМ ДВИЖЕНИИ И ЕВРОПЕЙСКОМ СОПРОТИВЛЕНИИ.....	46
Барын Е., Сагаева Б. КУЛЬТУРА И ЯЗЫК КАК КОНСТРУКТИВНЫЕ ФАКТОРЫ ИСТОРИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....	62
Буланов Е.О., Тумабаев Т.С., Сафаров Р.И. БАСМАЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В СРЕДНЕЙ АЗИИ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОКИ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ.....	79
Жолдасулы Т., Маделханова М. СОЮЗ «КОШЧИ» И ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КЫЗЫЛОРДИНСКОМ РЕГИОНЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ (1920–1929 гг.).....	95
Касимбекова М.А., Вежихи С.Ф.Х. СОЦИАЛЬНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СУФИЙСКИХ ОРДЕНОВ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	110
Кокебаева Г.К., Бисембайулы М. ВЫНУЖДЕННАЯ МИГРАЦИЯ И ЭТНИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В ЗАПАДНОЙ БЕЛАРУСИ И ЗАПАДНОЙ УКРАИНЕ В 1940-х ГОДАХ.....	124
Куанбай О.Б., Апендиев Т.А., Ушкурбаева А.Е. ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ ДИНАМИКА ТАДЖИКИСТАНА: РОЖДАЕМОСТЬ, СМЕРТНОСТЬ, ТЕНДЕНЦИИ И ПРОГНОЗЫ (1990–2023 ГГ.).....	138
Маликова С.З., Ташагыл А., Исакаева А.М. АУЛЬНЫЕ БАИ: ПОЛИТИКА КОНФИСКАЦИИ И ВЫСЕЛЕНИЕ ПРОВЕДЕННАЯ В БУЛАЕВСКОМ РАЙОНЕ.....	154
Мукаметханулы Н., Курбанали Ж. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ДИНАСТИИ ХАНЬ И ХУННУ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЦИВИЛИЗАЦИЮ КОЧЕВНИКОВ.....	168
Мухатова О.Х., Сеффат Д. КАЗАХСКО – РУССКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ КОНЦА XVII – НАЧАЛА XVIII ВВ.....	181
Мырзабекова Р., Жакупова Г., Рахмонкулова З. СИСТЕМА ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ТРУДА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОЙ ССР НА ПРИМЕРЕ ЯПОНСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ (1946–1956 гг.).....	194
Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Абиля Е.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА В ГОДЫ ГРАЖДАНСКОГО ПРОТИВОСТОЯНИЯ (1917–1919 гг.).....	210
Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ГОРОДАХ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В 90-е ГОДЫ XX ВЕКА (НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА И СЕМИПАЛАТИНСКА).....	225
Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ВОЕННОПЛЕННЫЕ-КАЗАХСТАНЦЫ В КОНЦЛАГЕРЯХ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ВОЗМОЖНОСТИ РЕКОНСТРУКЦИИ СУДЕБ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ КАРТОТЕК.....	240
Телеуова Э.Т., Жумадил А.К. ЗАКОНОМЕРНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГИБРИДНОЙ ПРАВОВОЙ МОДЕЛИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В XIX ВЕКЕ.....	255

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КАЗАХСКИЕ ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ КОЛЛЕКЦИИ КУНСТКАМЕРЫ: МУЗЕЕВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	269
Мусабаев К., Сиздиков Б., Малдыбек А. ЛОКАЛИЗАЦИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДА СУРИ: НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ И АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ СВИДЕТЕЛЬСТВ.....	281

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2026. 13 (1)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Копеева С.Ж.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй